

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 қарашадағы № 1754 қаулысының қолданылуын тоқтата тұру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 наурыздағы № 161 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 қарашадағы № 1754 қаулысының қолданылуын тоқтата тұру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. «Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 қарашадағы № 1754 қаулысын қолдану 2010 жылғы 1 маусымға дейін **т о қ т а т ы л а** **т ұ р с ы н .**

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союға жол бермеу жөніндегі талаптарын сақтауын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың және Астана, Алматы қалаларының әкімдері 2010 жылғы 1 маусымға дейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сою алаңдарын салуды және пайдалануға беруді аяқтауды қамтамасыз **е т с і н .**

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі *Қазақстан Республикасының*
К. Мәсімов